

Темірбек Жүргенов және қазақстандағы орта білім беру жүйесінің қалыптасуы

XX ғасырдың басында халық ағарту ісі қоғамның қосалқы жүйесі ретінде терең дағдарысқа душар болды. Халықтың басым көпшілігі сауаты жоқ адамдар болып, миллиондаған балалар мектепке бармады, оқу орындары мен оқытушы кадр мамандар тапшылығы айқын көрінді. Мұндай жағдайларды шешу сол кезеңдегі қазақ зиялыларының кезек күттірмес басты мәселелерінің бірі болды.

Осы тұста қазақ жеріндегі білім мен ғылымның қалыптасуында, сондай-ақ мектептер, арнаулы орта, жоғары оқу орындарын ұйымдастыруда Темірбек Қараұлы Жүргеновтың алатын орны бөлек. Т.Жүргеновтің тікелей ат салысуымен “Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы” қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің санының артуына негіз қаланды.

Темірбек Қараұлы Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жаңаталап аулында дүниеге келген. Жас кезінде Мұхаметжан деген ауыл молдасынан сабақ алып, кейін Тұрмағамбет Ізтілеуов ұстаздық еткен ауыл мектебінде оқиды. 1909-1913 жж. Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде, 1913-1917 жж. Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеде бастауыш білім алған. 1917 жылы Уфадағы жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. Осында оқып жүріп қоғамдық өмірге белсене араласады, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. 1918 жылы Торғайда шыққан “Қазақ мұңы” газетінің жауапты хатшысы болды. 1919 ж. Ырғыз уезі Кенжеғара болысы ревкомының төрағасы қызметіне тағайындалған. 1920 жылы коммунистік партия қатарына өтеді. 1921-1923 жж. Орынборда жұмысшы факультетінде оқуын жалғастырады. 1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға түседі. Бұл кезде университет 2 мыңнан астам студенті және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орнына айналған еді[1.228-229бб]. Осында оқып жүріп, Ол Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады. 1926 жылы 29 қазанда Ташкенттегі қазақтың тұңғыш педагогикалық институтының директоры (ректоры) болып тағайындалады. Т. Жүргенов Тәжікстанға жіберіліп, Тәжік АКСР-ның Орталық Статистикалық Басқармасының бастығы болып қызмет атқарды. 1929 жылы Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары, 1930 -1933 жж. Өзбекстан халық ағарту комиссары, 1933-1937 жж. Қазақстан халық ағарту комиссары қызметтерін атқарды.

Бүкілодақтық атқару комитетінің 1918 жылғы 16 қазандағы «Бірыңғай еңбек мектебі туралы» Ережесіне сәйкес бұрынғы бастауыш училищелердің, гимназиялардың, реалдық училищелердің және басқа да оқу орындарының орнына 2 сатыдан тұратын бірыңғай еңбек мектебі бекітілді: оның біріншісі 8-ден 13 жасқа дейінгі, екіншісі 13-тен 17 жасқа дейінгі балаларға арналды[2.386б]. Мектепте білім беру мәселесін жетілдіру көпшілік мектептерде қажетті материалдық базаның болмауының салдарынан да тежеліп отырды. Мұғалім кадрлардың жетіспеу себебі, бұл кезеңде Қазақстаннан басқа елге барып оқыған азаматтар оқуын бітіргеннен кейін елге оралмай, сол елдің маманы болып жұмыс атқаратын. Осы орайда Т.Жүргенов 1926 жылы күзде «Советская степь» газетінде жарияланған «Қазақстанда жаңа педагогтық жоғары оқу орнының міндеттері» деген мақаласында Қазақстандағы мәдени революцияның орасан зор маңызын атап көрсете келіп, маман даярлау мәселесін алға тартады. Әсіресе ол ұлттық кадрлар даярлау ісін баса назарға алған. Оның пікірінше қазақ мектептерін көбейту, сапасын жақсарту, түптеп келгенде қазақ халқын білімсіздік шырмауынан алып шығуға салынатын баспалдақ, көпір деп көрсетеді[3.25б]. Сонымен қатар, «Қазақ университетін құру жөнінде» [4], «Мектептің түрі, тілі туралы» деген еңбегінде, Осы күні кейбіреулер (оның ішінде оқу комиссариатының кісілері де) аудандағы мектептер жайында әңгіме қозғайды. Олардың ойынша, жалғыз кемшілік ауыл мектебінде, ал басқа жер жақсы болып көрінеді. Менің ойымша, оқу жұмысының жалғыз ақсап отырған жері ауылда ғана емес, бар мәселені «Оқу жұмысы қалай қойылуы керек» деп тексерген жөн. «Мектептің түрі, тілі» деген мәселе Қазақстандағы қай оқу орындарының да алдында тұр. Біздің республиканың оқу жолындағы бар жұмысы жалғыз бастауыш, орта мектептермен бітпейді.

Біздің оқу жолында көздеген нысанымыз – қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу. Олай болса, бастауыш және орта оқумен қатар жоғары оқу жөнінен де қам қыла отыруымыз керек. Мұнан Қазақстанда жалпы оқу жұмысы қалай қойылуы керек деген сауал туады. Қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу деген не? Ол барлық жер жүзіндегі өнер білімді қазақ тілінде оқитын етіп, халыққа жеткізу деген сөз. Олай болса, бізде бастауыш та, орта да, жоғарғы да оқу орындары өз тілімізде болуы керек. Оқу орындарының барлығында да оқу қазақша болғанда барып, жер жүзінің өнер біліміне қазақтың қолы жетеді[5] деп жазды. Қазақтың білім саласындағы болашағына алаңдаған Т. Жүргеновтің мектеп, жоғарғы оқу орны мәселесіндегі зерттеушілік қабілетінің жоғары екенін көрсетеді.

Қазақстан партия комитетінің 1933 жылғы VI пленумы Қазақстанның білім мен мәдениет тарихында ерекше орын алады. Л.Мирзоян бастаған Қазақстан партия комитетінің нұсқауы бойынша, пленумнан соң мектеп туралы төмендегідей қаулы шығарылды:

- Төменгі дәрежелі мектептер нығайып жеткенше, 4,7,10 жылдық мектептермен қатар орта және жоғарғы дәрежелі мектептерге қазақтан оқушылар әзірлейтін арнайы курстар ашылсын.
- Бастауыш, орта мектептердің оқуын толық бітірмей жатып, оқушыны басқа жаққа таратып алатын әдет біржола жойылсын. Қалыпты жүйедегі мектептерге түскен балалар сол мектепті бітіріп шығуға міндетті болсын.
- Қазақ мектептерінің жоғарғы кластары өсіп жетілгенше, техникумдар мен жоғарғы оқу орындарына қажетті оқушылар тиісті курстар арқылы әзірленетін болсын. Бұл курстарды техникумы немесе жоғарғы оқу орны бар мекемелердің өздері ашатын болсын.
- Көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда мектеп орналастыру ісі интернат арқылы ғана болуы мүмкін екендігі ескеріліп, 1934 жылғы бюджеттен бөлінетін қаржыға көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда интернат ашу жұмысын іске асыру совнаркомға тапсырылсын [6].

Пленум шешімі халық ағарту комиссары қызметінде жүрген Т.Жүргеновтің жемісті еңбек етуіне тікелей әсер етті. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Т.Жүргеновтың пленум қарсаңында 1932 жылы Ташкентте жарық көрген «Мектептің түп кемшіліктерін кетіру» мақаласында мұғалім кадрлар жайында талдау жасалған. Өлке бойынша бастауыш мектептерде сабақ беретін мұғалімдердің ішінде 75 пайызы төмен білімді. Тіпті орта мектептердің өзінде мұғалімдердің 24 пайызы төмен білімді, тек 14 пайызы ғана жоғары білімге ие. Аталмыш мақалада сабақ үлгерімінің төмендігіне, сабақ сапасының нашарлығына, тәрбие жұмысындағы елеулі олқылықтарға, мұғалімдердің өз бастарының сауатсыздығына, мектеп үйлерінің жетіспеушіліктеріне тоқталған[3.34б]. Осындай қиын кезеңдегі мектеп, оқу, білім, кадр және мәдениет мәселесін шұғыл түрде шешу жолындағы Темірбек Қараұлының сіңірген еңбегі зор. 1930-шы жылдар басында Голощекин лаңынан кейін тұралап жатқан ұлттық білім мен мәдениеттің тамырына қан жүгіртіп 4000 мектеп салдырып, қазақтың «Луначарскийі» атанған ағарту комиссары, тұңғыш ұлттық опера өнерін дүниеге келтірген[3.11б]. Қыруар еңбектің арқасында «түрлі қиыншылықтар мен аштықтан» бас сауғалап, тыныштық орнағаннан кейін туған жерімізге ораламыз деген үмітпен жер ауып кеткен қандастарымыздың оралуына Т.Жүргенов тікелей ат салысып, жағдай жасады. Темірбек Қараұлының еңбегіне өлкелік партия комитетінің VII пленумында Левон Мирзоян мынадай баға береді: «Артта қалған өлкеден алдыңғы қатарлы өлкеге айналып келеміз. Біздің комиссар Т.Жүргенов басшылықты жақсартып, тұралап қалған жұмысты қайтадан жандандырып, ұлттық мәдени құрылысты өркендету штабына айналдырды» - деп ризалық білдіруі тегін емес еді(БИЗ36)

Қазақстанда Темірбек Жүргеновтың халық ағарту комиссары қызметінің нәтижесінде мектептер мен мәдениет үйлерінің саны артып, орта білім беру мәселесі бір жүйеге келтірілді. 1937 жылы жазылған Мектептегі оқу тәрбие жұмысы және «Дүмше молдалар» туралы мақаласында: Мектепте жақсы тәрбие беру деп осы тілектерді орындағандарды

айтамыз. Оқу жұмысынан тәрбие ісін, тәрбие ісінен оқу жұмысын айыруға болмайды. Былайша айтқанда, баланы жақсы оқытқан мектепте тәрбие жұмысы да жолға қойылған болады - оқу жоқ жерде тәрбие жоқ. Оқу тәрбие үшін керек, тәрбие оқу үшін керек. Оқу-тәрбие жұмысына жауап беретін мұғалім, мектеп бастықтары: мектеп бастықтары жақсы жерлерде оқу жұмысы да, тәрбие жұмысы да жақсы, өйткені ондай мектептерде оқу қызықты болады, балаларды өзіне тартады. Сабақты қызықты қылып, балаларды қызықтыру үшін мұғалімнің өзінің білімі болуы керек, сабаққа жақсы әзірленіп келуі керек. Қазақстанда қазір 22 мыңға тарта мұғалім бар, 8 мыңға тарта мектеп бастықтары бар. Бұлардың көпшілігі міндеттерін айтарлықтай жақсы аткарып отырады. Мұғалімдердің ішінде ауыз толтырып айтарлық, әр адам үлгі аларлық жасы да кәрісі де бар[7] - деп жазады. Сол кезеңдегі оқу мен тәрбиенің, білім берудің жақсы жолға қойылып, қалыптасқандығын сипаттайды. 1937 жылы балаларды бастауыш оқумен (біліммен) қамтамасыз ету 96 пайызға жетті. Ұлы Отан соғысының қарсаңында республикада 7,5 мыңнан аса мектеп жұмыс істеді, соның ішінде бастауыш мектеп 5,2 мың, орталау мектеп 1,7 мың болды. Осы мектептерде 1 млн-нан астам балалар, солардың ішінде 1-4 сыныптарда 372 мың, 8-10 сыныптарда 62 мың оқушы оқыды. Жалпығы міндетті оқуға жататын мектеп жасындағы балалар 98,9 пайыз оқумен қамтылды[2.3876]. Дегенмен білім беру ісінде бірқатар кемшіліктер де орын алды. Тоталитарлық режим мектептерді тіл алғыш және идеологияландырылған ұрпақ тәрбиелеудің құралына айналдырды. Оқулықтардың мазмұны, пионер және комсомол ұйымдарының қызметі оқушылардың санасы мен мінез құлқына сталинизмді, кеңеске жат нәрселердің барлығын жек көруді, партияның саясаты мен идеологиясына соқыр сеніммен берілуді сіңіруге бағытталды.

Темірбек Қараұлы Жүргенов Қазақстанда орта білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына өте зор үлес қосты. Әсіресе 1933-1937 жылдар аралығында халық ағарту комиссары қызметінде болған кезінде мектеп, оқу, кадр даярлау мәселесі жөнінде сіңірген еңбегі зор. Дегенмен, 1937-1938 жылдары елімізде жүргізілген кеңестік саяси қуғын сүргін саясаты Т. Жүргеновтің өмірін құрбан етті. Ол 1938 жылы 25 ақпанда Алматы түбіндегі Боралдай маңында атылды[3.446]. 1957 жылы 18 сәуірде КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы Т. Жүргеновті толық ақтады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. Назарбаева.Г, Әбжанов.Х. «Қазақстан: тарих пен тағдыр», Алматы 2003, -296б
2. Қазақстан тарихы Алматы «Атамұра» 2010, -751б
3. Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттар жинағы), Алматы 2012, -439б
4. Т. Жүргенов «Об организации казахского госуниверситета», Советская степь, 1927, 22 апреля.
5. Т. Жүргенов «Мектептің түрі, тілі туралы» // Еңбекші қазақ, 1927, 7 наурыз.
6. KZdocs.docdat.com/docs/index-1726.html?page=24.
- 7.Т.Жүргенов Мектептегі оқу тәрбие жұмысы және «Дүмше молдалар»// Ауыл мұғалімі, №3, 1937жыл

МҰХТАРОВ КЕНЖЕБЕК ТӨРЕБЕКҰЛЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
«Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты
ғылыми қызметкері, тарих магистрі